

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016»** атты  
XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»**

PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір  
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2016»  
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2016»**

**2016 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**Ғ 96**

**Ғ96** «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – .... б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-764-4**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**ISBN 978-9965-31-764-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2016

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық – процестік кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2014. – 344 б.
2. О Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года [Электронный ресурс]: указ Президента Респ. Казахстан от 24 авг. 2009 г. № 858 - Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U090000858>.
3. Данные Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК [Электронный ре-сурс] - Режим доступа: <http://service.pravstat.kz>.
4. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі (2014.07.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31575294#activate\\_doc=2](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575294#activate_doc=2)

**УДК 343.326**

## **ТЕРРОРИЗММЕН КҮРЕС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚОРҒАЛУЫ**

**Абдулла Арайлым Бахбергенқызы**

[arailym-abdulla@mail.ru](mailto:arailym-abdulla@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық Университетінің 2-курс студенті  
Ғылыми жетекші: Мұратханова М.Б., қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының доценті,  
З.Ғ.К.

Адамның қоғамдағы құқықтық жағдайы мемлекеттің даму деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Қазақстан Республикасында азаматтардың құқығын қорғауға ерекше назар аударылған. Адам құқықтарының негізі әлемдегі ең алғашқы құжат 1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған «Адам құқықтары жөніндегі жалпыға ортақ Декларациясы» болып табылады. Бұл тарихи құжаттың қабылданған күні жыл сайын Адам құқықтарының күні ретінде бүкіл әлемде аталып өтіледі.

Жалпыға ортақ декларациясында жеке құқықтар мен бостандықтарға: өмір сүру құқығы, бостандық пен жеке басқа қолсұғылмаушылық, ой, ар-ождан және дін бостандығы; құлдыққа, зорлық-зомбылыққа тыйым салу сияқты құқықтар жатқызылған. Осы құжатқа сәйкес, Қазақстан Республикасы Конституциясында азаматтың жеке бас бостандығы мен өмір сүру құқығын қорғайды. «Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды»[1].

Адам құқықтары тек еліміздің Конституциясымен ғана емес, сонымен қатар халықаралық актілермен де реттеледі. Адам құқықтарын қорғайтын әмбебап халықаралық ұйымдарға БҰҰ және оның органдары, оның ішінде БҰҰ Жоғарғы комиссары, Адам құқықтары жөніндегі Кеңес, БҰҰ Жоғарғы Комитетінің босқындар істері жөніндегі басқарманың 246 бөлімі құрылған.

Алайда, қазіргі өмірде осындай адам құқығын қорғауға арналған ұйымдар мен нормативтік-құқықтық актілер болса да конституциялық принциптердің бұзылып жатқаны жасырын емес. Әсіресе, адамның өмір сүру, бостандық, қауіпсіздік құқықтарының жиі бұзылу фактілері ерекше қорқытады. Соңғы жылдары террорлық әрекеттердің салдарынан қанша адам зардап шекті, тіпті ойлаудың өзі қорқынышты.

«Терроризм – күш қолдану идеологиясы және халықты үрейлендіруге байланысты және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке залал келтіруге бағытталған күш қолдану және (немесе) өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау не жасаймын деп қорқыту жолымен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету практикасы»[2].

Терроризмнің мақсаты – мемлекеттердің, халықтардың рационалды түрде ойлауларына, бейбітшілік пен танымдықта өмір сүрулеріне кедергі жасау, қоғамды дүрбелең мен үрей тудыру. АҚШ-тағы 2001 жылы 11 қыркүйектегі төрт мың адамның өмірін жалмаған террорлық акт әлемдегі өте сұмдық жағдай болды. Лондондағы метро жарылысы, Бесландағы оқиға жазықсыз, бейбіт адамдардың өмірін қиды. Терроризм мен адам құқығы мәселесі 2001 жылы 11 қыркүйегіндегі террорлық әрекеттен кейін БҰҰ-ның күн тәртібіндегі әлемдік маңызды мәселеге айналды. Терроризмді айыптай отырып, БҰҰ оған қарсы күрес барысында адам құқығының қорғалуын басты стратегия ретінде анықтады. БҰҰ-на мүше елдер терроризмге қарсы күрес пен адам құқығының қорғалуы біріне-бірі қарама-қайшы емес, керісінше өзара байланысты мақсат қоятынын мойындады. Не үшін, кім үшін? Бұл әлем халқын ойландыратын сұрақ.

Экономика және әлем институты Мэриленд университетімен біріге отырып «2014 жылдағы терроризмнің ғаламдық индексі» және «әлемдегі елдердің терроризмнің деңгейі бойынша рейтингісін» ұсынған болатын. Бұл зерттеудегі ақпараттар Мэриленд штатындағы терроризмді зерттеу жөніндегі ұлттық консорциумының жаһандық дерекқорына әлемдегі жүз мыңнан асатын, соңғы он жылда тіркелген террористілік актілер статистикалық база бойынша жинақталған. Онда мынадай 4 көрсеткіш бойынша терроризмнің дәрежесі есептелген:

1. Террорлық актілердің саны;
2. Қайтыс болғандардың саны;
3. Зардап шеккендердің саны;
4. Материалдық зиянның мөлшері.

Ағымдағы зерттеу 2001 жылдан бастап 2013 жылға дейін 160 елдердің деректерін талдайды. Ең терроризм қаупі жоғары белең алған бес елге Ирак, Пәкістан, Ауғанстан, Нигерия және Сирия кіреді. Осы бес елдегі лаңкестік әрекеттер әлемдегі лаңкестіктің 80% астам мөлшерін құрайды екен. 2013 жылы 2012 жылға салыстырғанда 164% -ға көбейген лаңкестіктің ең көп саны Иракта белгіленген: 6362 адам қаза тапты, 2492 шабуылдар болды. Ең үлкен террористілік белсенділік көрсеткен ұйымдарға: Ислам мемлекеті, Боко Харам, аль Каида және Талибан жатады. Бүкіл террористтердің өлім шығынының 66% осы ұйымдарға тиесілі. Соңғы зерттелген мәліметтер бойынша Ислам мемлекеті атанған ұйымның Ресей, Франция мемлекетіне жасаған қастандығы кінәсіз адамдардың өмірін қиып жатыр. Ресми деректер бойынша, Парижде кешегі террористтер салдарында кемінде 150 адам мерт болып, жүздеген адам жараланған. Египеттің Синай түбегінде Ресей жолаушылар ұшағының апатқа ұшырауына да осы ұйым себепкер болып отыр. Соңғы террористтердің жиілеп кету жағдайы адамзаттың ең басты құндылығы өмір сүру құқығын аяққа таптап жатқандығының көрінісі.

Төменде 1-кестеде 2014 жылғы терроризмнің ғаламдық индекстің қысқартылған, іріктелген күйі көрсетілген[3].

2014 жылғы ғаламдық терроризмнің индексі 1-кесте

|                                        |
|----------------------------------------|
| <b>The Global Terrorism Index 2014</b> |
|----------------------------------------|

| Рейтинг | Мемлекеттерізімі          | Индекс |
|---------|---------------------------|--------|
| 1       | Ирак                      | 10     |
| 2       | Ауғаныстан                | 9.39   |
| 3       | Пәкістан                  | 9.37   |
| 4       | Нигерия                   | 8.58   |
| 5       | Сирия                     | 8.12   |
| 6       | Үндістан                  | 7.86   |
| 7       | Сомали                    | 7.41   |
| 8       | Йемен                     | 7.31   |
| 9       | Филиппин елі              | 7.29   |
| 10      | Таиланд                   | 7.19   |
| 11      | Ресей                     | 6.76   |
| 65      | Қазақстан                 | 2.37   |
| 124     | Вьетнам                   | 0.00   |
|         | Жапония                   | 0.00   |
|         | Румыния                   | 0.00   |
|         | Моңғолия                  | 0.00   |
|         | Латвия                    | 0.00   |
|         | Солтүстік, Оңтүстік Корея | 0.00   |
|         | Финляндия                 | 0.00   |
|         | Коста Рика                | 0.00   |
|         | Бенин                     | 0.00   |
|         | Ботсвана                  | 0.00   |

Ал осы 2015 жылғы соңғы мәліметтерге сүйенсек, террористік актілердің әрекет етуі тұрғысынан Қазақстан 83 орынды иеленіп отыр. Әлі де алғашқы үштік сақтаулы тұр. [4]

Әлем елдері терроризмге қарсы күрес жүргізе отырып, адам құқығының қорғалу шараларын жүргізуге міндеттенеді. Терроризмге қарсы күресте БҰҰ елдерінің 2005 жылы адам құқығын қорғау жөнінде Арнайы баяндамашы қызметін тағайындауы ерекше маңызды болып табылады.

Адам құқығы жөніндегі Кеңестің аясында әрекет ететін Арнайы баяндамашы терроризмге қарсы күрестің алдыңғы қатарлы әдістерін анықтау, адам құқығын құрметтеудің озат тәжірибелерін тарату сияқты жұмыстармен айналысады, мемлекеттерге барып, тәжірибелерімен танысады. Адам құқығы жөніндегі Кеңес пен Бас Ассамблеяда баяндамалар жасайды. Қазіргі күні Арнайы баяндамашы қызметін 2011 жылы 1 тамызда тағайындалған Бен Эммирон атқарады [5].

Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында терроризм құрбандарын қолдау және оларға қоғамның көңілін аудару үшін арнайы жұмысшы тобы құрылған. БҰҰ-ның терроризмге қарсы жаһандық стратегиясын жүзеге асыру мақсаты туралы айтылған мандаттың 1 бөлімі 8 тармағында терроризм құрбандарын қолдау, олардың отбасымен қауышып, қалыпты өмірге қайта түсуіне көмектесу мақсатында ерікті түрде ұлттық көмек жүйесін құру мәселесі қарастырылған. Сонымен қатар, терроризмге қарсы күресте құрбандарды қолдау жағдайларында халықаралық деңгейде ынтымақтастық таныту, бұл күресте азаматтық қоғамның да ат салысуына қол жеткізудің маңыздылығы атап көрсетілген. БҰҰ-ның бұл стратегиялық бағытынан терроризм құрбандарының құқықтарын қорғау, қолдау мәселесі

халықаралық қауымдастық деңгейінде күн тәртібінде тұрған мәселе екендігін көруге болады.

Міне, көріп отырғанымыздай терроризмге қарсы күресті күшейте отырып, адам құқығының бұзылуын да естен шығармауымыз керек. Өйткені, кейбір мемлекеттерде терроризмге қарсы күрес барысында адамдардың, әсіресе, босқындар мен қоныс аударуға мәжбүр болған азаматтардың құқығы мен бостандығының шектеу жағдайлары кездеседі.

В.А.Карташкин айтуынша: « Әлем қазір күрделі мәселенің алдында тұр: БҰҰ Жарғысының негізінде мемлекет пен адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету немесе терроризммен қарулы күшті пайдалану арқылы әрі қарай адамдардың құқықтары мен бостандықтарын шектей отыра күресу»[6].

Мысалы, Австралияда заңсыз эмигранттарды континенттен күштеп шығару туралы заң, Ұлыбританияда «күмәнді шетелдіктерді» нағыз террористтер ретінде КПЗ-да ұзақ мерзімге дейін ұстауға рұқсат беретін заң, Францияда заңсыз босқындарға арналған лагерьдің жабылуы босқындарды террористерге теңеп, олардың құқығын шектеу болып табылады. Терроризмге қарсы күрестің адам құқығын шектемей жүзеге асыру шаралары Германияда жақсы жолға қойылған. «Human Rights Watch» 9.09.2002 ж. шығарылымында австралиялықтардың, француздықтардың, британшылдықтардың билік басындағы бұл әрекетін адамдардың құқығын шектеу, тіпті террористерге теңеу деп таныған[7].

Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы бағытталған жазықсыз адамдардың өліміне алып келетін терроризмге әскери күшті қарсы қою жеткіліксіз деп ойлаймын. Сонымен қатар, адами қасиеттерді, ерік-жігерді де пайдалану керек. Данышпандар «жеккөрушілікті жек көрумен тоқтату мүмкін емес, оны тек махаббатпен ғана тоқтатуға болады» деп бекер айтпаған. Мұндай жауыз әрекеттерге тек ұлттық рухты ғана қарсы қоя аламыз.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. ҚР Конституциясы. 1995 ж.
2. Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі N 416-І Заңы
3. Глобальный индекс терроризма .<http://gtmarket.ru/ratings/global-terrorism-index/info>
4. РК - на 83 месте в Глобальном индексе терроризма [http://forbes.kz/news/2015/11/18/newsid\\_100898](http://forbes.kz/news/2015/11/18/newsid_100898)
5. Борьба с терроризмом и защита прав человека. БДИПЧ ОБСЕ, 2009
6. Карташкин В.А. Права человека и международная безопасность // Юрист-международник. – 2003. № 1. – С.46 – 50.
7. Единство в борьбе с терроризмом: рекомендации по глобальной контртеррористической стратегии [электронный ресурс]: Доклад Генерального секретаря ООН 2006г. url: <http://www.un.org/russian/unitingagainstterrorism/ch3.html>.